

Гүлфар Мамырбек^{1*}, Айнұр Сейітбекова², Назым Жумаханова³

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

² филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

³ магистр, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0009-0001-2296-1262 E-mail: 8533467@mail.ru

XVIII-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ СӨЗДІКТЕРГЕ ЕНГЕН БАЙЫРҒЫ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Қазақ тілінің лексикалық қоры – ұлттың тарихи даму жолын, дүниетанымын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін айқын көрсететін негізгі қабаттардың бірі. Әсіресе байырғы қазақ сөздері тілдің ең көне қабаты. XVIII-XX ғасырлар аралығында түзілген сөздіктердегі қазақ тіліне қатысты мәліметтер тіліміздің дамуы мен қалыптасу кезеңдерін айқындауда айрықша маңызға ие құнды дереккөз болып табылады. Бұл сөздіктерде қамтылған байырғы қазақ сөздері тек атауыштық қызметімен ғана емес, сол дәуірлердегі қоғамдық қатынастарды, тұрмыс-салт ерекшеліктерін, этномәдени құндылықтарды танытатын тілдік бірліктер. Бұл кезеңдегі лексикографиялық еңбектерде тіркелген байырғы сөздердің мағыналық құрылымын талдау олардың семантикалық дамуы мен ауыспалы мағыналарының қалыптасуы сияқты үдерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты – XVIII-XX ғасырлардағы сөздіктерде тіркелген байырғы қазақ сөздерінің семантикалық құрылымын талдау арқылы олардың тарихи даму ерекшеліктерін айқындау. Сондай-ақ бұл зерттеу байырғы сөздердің тарихи-әлеуметтік және мәдени факторлармен байланысын көрсетуге бағытталған. XVIII-XX ғасырлардағы сөздіктерге енген байырғы қазақ сөздерінің семантикалық ерекшеліктерін зерттеу тарихи лексикография, тарихи лексикология мен тарихи семасиология салалары үшін өзекті мәселелердің бірі және тіл тарихын кешенді түрде тануға бағытталған маңызды ғылыми міндеттердің бірі. Мақалада байырғы сөз мағыналарының тарихи-әлеуметтік, мәдени факторлармен байланысы айқындалды және олардың ұлттық дүниетанымдағы орны көрсетілді. Зерттеу нәтижелері тіл тарихы, тарихи лексикология, тарихи сөзжасам мәселелерін зерттеуде маңызды дереккөз бола алады.

Тірек сөздер: сөздік; байырғы сөз, лексикалық қор; тарихи сөздік қор; лексикалық бірліктер

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР23488372 «Қазақ лексикографиясының тарихы: XVIII-XX ғғ. аралығындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптасуы (тарихи лексикографиялық, лексика-семантикалық аспект)» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Мамырбек Г., Сейітбекова А., Жумаханова Н. XVIII-XX ғасырлардағы сөздіктерге енген байырғы қазақ сөздерінің семантикалық ерекшелігі. *Tiltanyum*, 2026. №1 (101). 66-78-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-66-78>

Гульфар Мамырбек^{1*}, Айнур Сейтбекова², Назым Жумаханова³

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

² кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

³ магистр, РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Казахстан, г. Астана,
ORCID: 0009-0001-2296-1262 E-mail: 8533467@mail.ru

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСКОННО КАЗАХСКИХ СЛОВ, ВОШЕДШИХ В СЛОВАРИ XVIII-XX ВЕКОВ

Аннотация. Лексический фонд казахского языка является одним из основных слоев, отражающих исторический путь развития нации, ее мировоззрение, культуру и быт. Особое место в нём занимают исконно казахские слова, составляющие древнейший пласт языка. Сведения о казахском языке, зафиксированные в словарях

XVIII-XX веков, представляют собой ценный источник для определения этапов развития и становления языка. Исконно казахские слова, включенные в данные словари, выполняют не только номинативную функцию, но и отражают общественные отношения, особенности быта и этнокультурные ценности соответствующих эпох. Анализ семантической структуры исконных слов, зафиксированных в лексикографических трудах данного периода, позволяет выявить процессы их семантического развития и формирования переносных значений. Цель статьи – выявить особенности исторического развития исконно казахских слов, зафиксированных в словарях XVIII-XX веков, посредством анализа их семантической структуры. Также исследование направлено на раскрытие связи исконной лексики с историко-социальными и культурными факторами. Исследование семантических особенностей исконно казахских слов, вошедших в словари XVIII-XX веков, является одной из актуальных задач исторической лексикографии, исторической лексикологии и исторической семасиологии, а также важной научной проблемой, направленной на комплексное изучение истории языка. В статье определена взаимосвязь значений исконных слов с историко-социальными и культурными факторами, а также показано их место в национальном мировоззрении. Результаты исследования могут служить важным источником при изучении истории языка, исторической лексикологии и исторического словообразования.

Ключевые слова: словарь; исконное слово; лексический фонд; исторический словарный фонд; лексические единицы

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP23488372 «История казахской лексикографии: лексикографирование и кодификация казахских слов XVIII-XX вв. (историко-лексикографический, лексико-семантический аспект)».

Для цитирования: Мамырбек Г., Сейтбекова А., Жумаханова Н. Семантические особенности исконно казахских слов, вошедших в словари XVIII-XX веков. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 66-78. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-66-78>

Gulfar Mamyrbek^{1*}, Ainur Seitbekova², Nazym Zhumakhanova³

^{1*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Ahmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,

Ahmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

³Master, Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0009-0001-2296-1262 E-mail: 8533467@mail.ru

SEMANTIC FEATURES OF NATIVE KAZAKH WORDS INCLUDED IN THE DICTIONARIES OF THE 18th-20th CENTURIES

Abstract. The lexical fund of the Kazakh language is one of the principal layers reflecting the historical development of the nation, its worldview, culture, and way of life. A special place within it is occupied by native Kazakh words, which constitute the most ancient stratum of the language. The data on the Kazakh language recorded in dictionaries of the 18th-20th centuries represent a valuable source for identifying the stages of its development and formation. The native Kazakh words included in these dictionaries perform not only a nominative function but also reflect the social relations, everyday life, and ethnocultural values of their respective periods. An analysis of the semantic structure of native words documented in the lexicographic works of this period makes it possible to identify the processes of their semantic development and the formation of figurative meanings. The aim of the article is to identify the features of the historical development of native Kazakh words recorded in the dictionaries of the 18th-20th centuries through the analysis of their semantic structure. The study also seeks to demonstrate the connection of native vocabulary with historical, social, and cultural factors. The study of the semantic features of native Kazakh words incorporated into dictionaries of the 18th-20th centuries is one of the pressing issues in historical lexicography, historical lexicology, and historical semasiology, as well as an important scholarly task aimed at a comprehensive understanding of the history of the language. The article identifies the relationship between the meanings of native words and historical, social, and cultural factors and demonstrates their place in the national worldview. The research findings may serve as an important source for the study of language history, historical lexicology, and historical word formation.

Keywords: dictionary; native word; lexical stock; historical vocabulary; lexical units

Source of financing: The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan AP23488372 “The history of Kazakh lexicography: lexicography and codification of Kazakh words of the XVIII-XX centuries (historical-lexicographic, lexico-semantic aspect)”.

For citation: Mamyrbek, G., Seitbekova, A., Zhumakhanova, N. Semantic Features of Native Kazakh Words

Кіріспе

Қазақ тіліндегі байырғы лексиканы анықтап, ғылыми тұрғыдан негіздеуде алғаш шыққан сөздіктердің маңызы зор. Осындай іргелі зерттеулердің қатарында Ильминский мен Будаговтың еңбектері ерекше мәнге ие. Мақалада түркі, соның ішінде қазақ тілінің лексикалық қабатын танытатын екі іргелі еңбек – Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» және Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты сөздіктеріндегі байырғы қазақ сөздері талданады. Бұл екі сөздік те – қазақ лексикасын айқындауда құнды материал.

Н.И. Ильминскийдің аталған еңбегі 1861 жылы жарық көрген, ол – қазақ тілін (сол кездегі атауы «киргизское наречие») жүйелі түрде сипаттауға арналған алғашқы ғылыми жұмыстардың бірі. Еңбек фонетика, грамматика және сөздік берілген үш бөлімнен тұрады. Ал Л.З. Будаговтың 1869 және 1871 жылдары шыққан екі томдық «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» еңбегі – түркі тілдерін салыстыра зерттеуге арналған лексикографиялық еңбек. Бұл сөздікте түркі халықтарының, соның ішінде қазақ тілінің де лексикалық бірліктері кеңінен қамтылған. Будагов сөздігінен лексикалық бірліктердің түркі тілдеріндегі қолданысы мен ерекшелігін көре аламыз. Екі сөздіктің де қазақ тілі үшін маңызы мынада:

1) қазақ тілінің лексикалық қорын таныта отырып, тілдің тарихи дамуы мен жалпытүркілік негізін айқындауға мүмкіндік береді;

2) қазақ тілінің сөздік құрамынан көнерген немесе қолданыстан шыққан лексемаларды анықтауға, яғни диахрондық лексикологияны зерттеуге дереккөз бола алады;

3) қазақ сөздерінің басқа түркі тілдерімен ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау үшін салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді;

4) тілдік нормалардың тарихи кезеңдердегі көрінісін айқындауға көмектеседі;

5) қазақ сөздеріне қатысты алғашқы лексикографиялық еңбектердің қалыптасуы мен дамуын, алғашқы сөздік жасау тәжірибесін көрсете алады.

Лазарь Захарович Будагов «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» еңбегінің алғы сөзінде тіл үйренушілердің, сауда адамдарының, сонымен қатар шенеунік пен аудармашылардың тұрғындармен байланыс жасай алуына қажетті ең көп қолданылатын сөздерді жинақтағанын ескерткен (Будагов, 1869; Будагов 1871).

Ал Николай Иванович Ильминский «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінің алғы сөзінде қазақ тілінің лингвистикалық деректері бұрын ғылыми түрде жинақталмағанын, сондықтан бұл еңбекте тілдік материалдар бірінші рет жүйелі түрде жинақталып берілгенін және қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары мен грамматикалық формалары, сөздік құрамы татар тілінен ерекшеленетіндіктен, қазақ тілі жеке қарастырылуы тиіс екендігін айтқан. Ильминский бұл еңбекті тек деректерді жинау мақсатында емес, қазақ тілінің құрылысын ғылыми тұрғыдан (фонетика, грамматика, сөздік) талдап, ғылыми айналымға енгізу үшін жазғанын айтады (Ильминский, 1861).

Бұл екі еңбек те – ХІХ ғасырдағы түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттеудегі алғашқы дереккөздер. Бұл зерттеулерде қазақ сөздерінің семантикасы, көпмағыналылығы, ауыспалы мағынада қолданылуы тарихи тұрғыдан көрсетілген. Мысалы, Будагов сөздігінен қазақ тіліндегі байырғы лексемаларды басқа түркі тілдерімен салыстыру арқылы олардың арасындағы семантикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқын аңғаруға болады. Мұндай салыстырмалы талдау қазақ сөздерінің бастапқы мағынасы мен кейінгі мағыналық дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Ал Ильминский еңбегінде байырғы қазақ сөздерінің контексте қолданылуы мен семантикалық ерекшеліктері кеңінен қамтылған. Бұл қазақ тіліндегі байырғы сөздердің семантикалық өрісін анықтауға жол ашады. Мақалада Будагов пен Ильминский еңбектеріндегі деректер қазіргі тілдік бірліктермен салыстырыла талданып, байырғы қазақ сөздерінің мағыналық өзгерісі анықталды.

Материал және әдістер

Зерттеудің негізгі материалы – Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского

наречия» (1861) атты зерттеуі мен Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (1869, 1871) сөздігінде берілген байырғы қазақ сөздері. Байырғы сөздердің семантикасын қазіргі тілдік бірліктермен салыстырып, тарихи даму үдерісіндегі өзгерістерін анықтау үшін әдіснамалық тұрғыдан салыстырмалы әдіс қолданылды. Сонымен қатар қазіргі қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздіктері негізге алына отырып, байырғы сөздердің мағынасын талдау үшін жүйелеу, сұрыптау, лексика-семантикалық топтарға жіктеу және этимологиялық талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Қазақ лексикографиясы тарихына қатысты XVIII-XX ғасырларға жататын сөздіктер қатарына: «Скалон» сөздігі (1774), И.П. Фальктың «Немісше-татарша-қазақша-бұқарша-қалмақша» глоссарийі (1770-1774), Г.Ю. Клапроттың «Азия журналына» шыққан мақаласында берілген қысқаша французша-қазақша сөздік (1825), М. Бекчуриннің «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречиями бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана» атты еңбегіндегі сөздік (1859), Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінде берілген сөздік (1861), Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты 2 томдық сөздігі (1869, 1871), А.Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии» еңбегіндегі қазақша-орысша сөздік (1878), Е. Букиннің «Орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі» (1883), В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігі (1888-1911), Н. Жетпісбаевтың «Начальное руководство арабского, персидского и киргизского языков» атты еңбегіндегі орысша-арабша-парсыша-қазақша сөздік (1890), В.В. Катаринскийдің редакторлығымен шыққан «Қазақша-орысша сөздік» (1897), И. Лаптевтің «Материалы по казак-киргизскому языку» деген еңбегінде берілген шағын қазақша-орысша сөздік (1900), Ж. Көшербаевтың «Краткий русско-киргизский дорожник со словарем» атты орысша-қазақша сөздігі (1906), Т. Бокиннің «Орысша-қазақша сөздігі» (1913) жатады.

«Сөздердің мағынасын айқындайтын аудармалар, сөздіктер көне заманнан бастап халықтар арасында үлкен қоғамдық сұранысқа ие болған» (Туякбаев, 2025: 249). «Өз кезегінде сөздіктер мен анықтамалықтар тілді кодификациялау құралы ретінде жазба тіл мен сөз өнерінің, әдеби, ресми және ғылыми функционалдық стильдердің, жалпы ғылыми тіл мен ғылымның, техниканың, өндірістің жекелеген салаларының ішкі тілдерінің дамуына ықпал етеді. Әрине, лингвистикалық зерттеулер көбіне географиялық, жаратылыстану, этнографиялық ізденістермен, сондай-ақ әдістемелік-педагогикалық қызметпен қатар жүргізіледі. Бұған мысал ретінде Н.Ильминский, В.В. Радлов, П.С. Паллас, П.К. Услар, В.Н. Васильев, еңбектерін жатқызуға болады» (Шелестюк, 2024: 103).

Қазақ тілінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне алғаш үлес қосқан орыс ғалымдары Н.Ильминский, В. Катаринский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, Н. Лаптев, Е. Аллекторов, Г.В. Архангельский, В.В. Радлов, Л.З. Будагов, Н.Н. Пантусов, В.В. Григорьев, В.В. Бартольд, С.Е. Малов болды. Қазақ ғалымдары тарапынан А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы т.б. алаш зиялылары қазақ тіл білімінің ұлттық негізде қалыптасуына зор үлес қосты. Олар қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі мен лексикологиясын жүйелеуге, ғылыми терминологиясын қалыптастыруға және ана тілін оқыту әдістемесін жасауға бағытталған ең алғашқы іргелі еңбектерді жазды. А. Байтұрсынұлының әліпби, емле, тіл құрылымы жөніндегі зерттеулері қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалап, ұлттық лингвистиканың дамуына жол ашты. Қ. Кемеңгерұлының тіл, әдебиет және терминология саласындағы еңбектері қазақ тілінің ғылыми тұрғыдан сипатталуына айрықша ықпал етті. Одан кейінгі Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, І.Кеңесбаев, М. Балақаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық сынды ғалымдар қазақ тілін құрылымдық, тарихи-салыстырмалы және функционалдық тұрғыдан зерттеп, ұлттық тіл білімін жаңа ғылыми деңгейге көтерді.

Қазақ халқы тілінің орыс түркітанушылары тарапынан зерттеу нысанына алынуының ең басты себебін В. Радлов «туыс түркі елдерімен салыстырғанда қазақтар сөзге шешендігімен ерекше көзге түскен» (Радлов, 1880: 70), – деп көрсетсе, В. Бартольд «Ресейдің көрші қазақтармен қарым-қатынас жасауы бәрінен де маңызды болғандығымен» (Бартольд, 1906)

байланыстырады. Осыған орай П.М. Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (Мелиоранский, 1894; 1897), М.А. Терентьев «Грамматика турецкая, персидская и киргизская, узбекская» (Терентьев, 1875), В.В. Катаринский «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология, синтаксис» (Катаринский, 1897), В.В. Катаринский «Материалы по этнографии киргиз» (Катаринский, 1899) тәрізді еңбектер қалдырды. А.Н. Кононов, Н. Баскаков, І.К. Кеңесбаев, С.А. Аманжолов, Р.Ф. Сыздықова өз зерттеулерінде орыс ғалымдарының бұл еңбектерін айрықша бағалап, олардың қазақ тілінің грамматикалық құрылымын алғаш рет ғылыми түрде жүйелеудегі маңызын атап көрсетті.

Нәтижелер және талқылау

Байырғы сөздер тіліміздің негізгі сөздік қорын құрайтын лексикалық қабат, олар басқа тілдерден енбеген, халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, мәдениетімен тығыз байланысты болып табылатын төл лексикалық бірліктер. Байырғы сөздер негізінен түркі тілдерінің ортақ қоры мен қазақ тілінің ішкі даму нәтижесінде қалыптасады. Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде байырғы сөздер мәселесі тарихи лексикология, этимология және семантика салалары аясында қарастырылады. Байырғы сөздер көбіне ежелгі түркі лексикасы, төл сөздер, негізгі сөздік қор ұғымдарымен сабақтас. Л.З. Будагов пен Н.И. Ильминский еңбектерінде мұндай сөздер қазақ тілінің семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін танытатын басты көрсеткіш ретінде сипатталған. Байырғы қазақ сөздерінің негізгі белгілеріне біздің тұжырымымызша мыналар жатады:

1. Төлдік сипат. Бұндай сөздер түркілік негізде жасалады (ай, күн, жер (йер) т.б.);

2. Көнелік сипат және тұрақтылық. Байырғы сөздер тілдің ерте кезеңдерінен бері қолданылатындықтан, семантикасы да салыстырмалы түрде тұрақты болады (кейбірі мағыналық дамуға, өзгеріске ұшырағанымен, түпкі мағынасы сақталады);

3. Қолданыс жиілігі. Байырғы сөздер, әсіресе, ауызекі сөйлеу тілінде өте жиі қолданылады;

4. Жаңа сөз жасау. Байырғы түбір сөздердің сөзжасамдық қабілеті жоғары болады.

«Ең қажетті ұғым-түсініктерді қамтитын, сол тілде сөйлеуші халықтың бәріне бірдей түсінікті ортақ сөздер құрамынан құралған тарихи сөздік қор жалпыхалықтық тілдегі сөздердің ұйтқысы, олардың ең тұрақты бөлігі болып саналады. Ұланғайыр тарихи кеңістік пен уақытта жасап келе жатқан бұл сөздік қордың құрамына тұрақтылық тән» (Малбақов, Қайрат, 2025: 15). Енді осы тарихи сөздік қорымыздың негізгі қайнар көзі болып табылатын байырғы сөздердің Ильминский мен Будагов еңбектерінде берілуіне назар аударайық. Мәселен, Будаговта: *абайсыз* – непонятливый, ничего не замечающий, нечаянный; *абайламақ* – всматриваться, остерегаться, обдумывать; *абайлы* – осмотрительный (корень *абай* отдельно не употребляется – Ильм.). По собранным мною сведениям, *абай* значит: внимание, наблюдение и говорится напр.: *Сен оған абай бол* – ты за ним наблюдай (Будагов, 1869: 3).

Сөздік мақаладан көріп тұрғанымыздай, Будагов *абай* сөзі «түбір ретінде қолданылмайды» деген Ильминскийдің тұжырымын жоққа шығарып, бұл сөздің түбір күйінде қолданылатынын мысал арқылы дәлелдеген. Демек, *абай* сөзі әу баста нақты семантикалық мазмұны бар дербес түбір ретінде қолданылған. Будаговтың талдауына сүйенсек, *абай* сөзі «назар, бақылау, қырағылық» мәнін білдірген. Бұл мағына қазіргі тілімізде де *абай бол* тіркесі арқылы сақталып келеді.

Ал Н.И. Ильминскийдің еңбегінде: «*Абай* сам по себе не употребительный корень следующих слов» деп көрсетіліп: *абайсыз* – невнимательный, ничего не замечающий, нечаянный; *абайла* – обращать внимание, всматриваться, остерегаться, обдумывать; *абайлы* – осмотрительный, осторожный – деп берілген (Ильминский, 1861: 40).

Көріп тұрғанымыздай, Будагов пен Ильминскийдің *абайсыз* сөзінің мағынасын ашуда сәл айырмашылық бар: непонятливый (Будагов), невнимательный (Ильминский). Ал Будагов пен Ильминский көрсеткен нұсқалардың ішінде *абайлы* деген сөз қазіргі тілдік қолданыста жоқ екені мәлім.

Л.З. Будагов сөздігінде берілген *атқармақ* сөзі Ильминскийде *атқар* формасында берілген. Мысалы: *Атқармақ* – окончить дело, исполнять обязанность (Будагов, 1869: 10). *Атқар* – окончить дело, исполнить обязанность (Ильминский, 1861: 43).

Көріп тұрғанымыздай, екі автор да семантикасын бірдей ашқанмен, реестрге бірдей форманы алмаған. Будагов етістіктің келер шақ формасын (*атқармақ*), ал Ильминский түбір күйінде (*атқар*) көрсеткен. Семантикалық тұрғыдан екеуі де «жүктелген істі аяқтап, міндетті орындап шығу» мағынасын білдіреді. Алайда лексикографиялық заңдылық бойынша реестрге сөздің грамматикалық емес, лексикалық негізгі түбірін беру дұрыс болып танылады. Егер *атқармақ* реестрге алынатын болса, онда *атқарды*, *атқарар*, *атқаратын* т.б. формалардың бәрі қамтылуы тиіс. Десек те, ең алғашқы лексикографиялық жұмыстар қатарына жататындықтан, Будагов сөздігіндегі *атқармақ* формасын сол дәуірдегі автор ұстанымының нәтижесі ретінде бағалау қажет. Яғни қазіргі нормативтік лексикография талабымен емес, XIX ғасырдағы түркологияда қалыптасқан сипаттамалық дәстүрдің көрінісі ретінде қабылдаған дұрыс.

Будагов *ай* сөзін түрік және татар тілінің лексикасы ретінде көрсеткен, дегенмен қазақ тіліне тән деп мынадай мысалдарды алады:

Айшылық – на месячное расстояние, в продолжении месяца;

Ай туған – восхождение луны;

Ай бату – захождение луны;

Ай тұтұлу – затмение луны;

Туатұғұн ай – будущий месяц (Будагов, 1869: 171).

Ал Ильминскийдің еңбегінде *ай* сөзінің екі мағынасы көрсетіліп, кең көлемде талданған:

1) Луна; 2) Месяц.

Бірінші мағынаға мынадай мысалдар келтірген: *ай кесігі* – отрезок луны; *он бестен туған ай секілді* – подобная луна в пятнадцатую ночь (оба выражения в похвалу красоты). Ал екінші мағынаға қатысты бірқатар семантикалық талдаулар беріп, қазақ халқының айға қатысты дүниетанымын барынша қамтуға тырысқан. Қазақтардың айдың алғашқы он бес күнін *жаңа*, қалған күндерін *ескі* деп айтатынын ескерте отырып: *айдың бір жаңасы, үш жаңасы, жиырма ескісі* дегендер айдың бірінші, үшінші және жиырмамыншы түндері екенін айтады. Сонымен қатар Ильминский наурыз айы қазақ халқы үшін жыл басы болып саналатынын, наурыз, сәуір айларында: *қой қоздайды, бие байлайды*, мамыр айында: *құралай* болатынын талдап көрсеткен. Құралайдан кейін қырық күн *шілде*, ал *тамызда* нағыз жаздың ыстық күндері болады, қыркүйекте қойға *күйек байлайды*, қазан нағыз күз айы, қараша мен желтоқсан айының басында *соғым* сойылады, қаңтар, ақпан қыстың нағыз суық кезеңі, ал мұсылман айларында *құрман айы*, *айт айы* деген екі басты мереке бар – деп жазған (Ильминский, 1861: 37). Мұндағы курсивпен берілген мысалдардың барлығы Ильминский еңбегінде берілген деректер.

Жоғарыдағы салыстырудан *ай* сөзінің қазақ тіліндегі семантикасы мен қолданысын Будагов сөз, сөз тіркестері негізінде ғана аз мысалмен берсе, Ильминский дүниетанымдық тұрғыдан кеңірек талдауға тырысқанын аңғарамыз. Жоғарыдағы мысалдардың ішінде Ильминский көрсеткен *ай кесігі* деген қолданыс қазіргі тілімізде кездеспейтіні мәлім. Мұндағы *кесік* сөзі «қиылған, кесілген, тілік» деген ұғымдарды білдіреді. Яғни белгілі бір заттың жартылай көрінген пішінін білдіреді. Біздің тұжырымымызша, *ай кесігі* сол кезеңдерде айдың сыртқы формасына қатысты «жаңа туған ай, жарты ай» ұғымдарын білдірген. Бұл қолданыстың қазіргі тілде кездеспеуі – лексикалық варианттардың ауызекі тілдегі қолданыс жиілігіне қарай сұрыпталуымен тікелей байланысты. Уақыт өте келе бір ұғымды білдіретін бірнеше атаудың ішінен жиі қолданылатын, нормаланған нұсқалар ғана сақталып, қалғандары пассив қабатқа ауысады немесе мүлде қолданыстан шығады. *Жаңа ай, туған ай, жарты ай* сияқты тіркестер әдеби нормаға айналып, ал *ай кесігі* тарихи сөздік қор аясында қалған болуы ықтимал. Бұл сөздің Ильминский еңбегінде тіркелуі оның XIX ғасырда қолданыста болғандығын дәлелдейді. Ал қазіргі сөздіктерде тіркелмеуі, оның сөйлеу тілінен ығыстырылып, семантикалық тарылуға ұшырағанын көрсетеді.

Аң аулау мағынасын білдіретін көне түркілік *ау* сөзін Будагов түрік және қазақ тіліне тән сөз ретінде көрсеткен:

Ау – охота, ловля, ловитва ханская, сеть, тенета;

Аучы – охотник, ловец, рыболов;

Аучылық – охотничество, ремесло охоты;

Аучылық етмек – заниматься охотой, ловлей птиц, рыб, охотиться (Будагов, 1869: 105).

Ал Ильминский сөздігінде:

Ау – рыболовная сеть;

Аула – охотиться;

Аң аула – охотиться на зверя;

Біреудің көңлүн аула – обольстить когонибудь (Ильминский, 1861: 39).

Радлов пен Ильминский сөздіктерін салыстыра отырып, *ау* сөзінің мағыналық өрісі көне түркі дәуірінен бастап екі негізгі бағытта дамығанын байқауға болады. Радлов материалдарында *ау* сөзі «охота», «ловля», «сеть» мағыналарында беріліп, әрі заттық (тор), әрі әрекеттік (аңшылық, аулау) ұғымдарды қамтиды. *Аучы, аучылық, аучылық етмек* тәрізді сөзқолданыстардан өнімді түбір болғандығы көрінеді. Будагов *ау* сөзін жалпытүркілік деңгейде кең әрі жалпылама мағыналарда көрсеткен, түбірдің тарихи-этимологиялық және түркіаралық сипатына басымдық берген. Ал Ильминский сөздігінде *ау* мағынасы тарылып, негізінен «рыболовная сеть» ретінде нақты құрал атауын білдіреді. Сонымен бірге етістік тұлғаларында (*аула, аң аула*) «охотиться» мағынасы сақталған. Бұған қоса *аула* етістігінің ауыспалы мағынада (обольстить когонибудь) қолданылуы сөздің семантикалық кеңею үрдісін аңғартады. Осылайша, Радлов сөздігінде *ау* сөзі неғұрлым кең әрі жалпы «аңшылық», «аулау» ұғымын білдірсе, Ильминскийде ол көбіне нақты құрал атауы ретінде көрсетіледі. Ильминский *ау* сөзінің қазақ тіліндегі «балық аулайтын ау» деген қолданыстық мағынасын нақты әрі дәл берген. Сонымен қатар *аула, аң аула* деген етістік негіздегі қолданысын да тіркеп, сөздің қазақ тіліндегі функционалдық өрісін көрсетуге тырысқан. Бұл талдаулар *ау* сөзінің қазақ тілінің байырғы лексикалық қорына жататын, тарихи негізі терең, көне түбірлердің бірі екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Ильминский мен Будагов сөздіктерінің басты бір ерекшелігіне қазақ сөздерінің еріндікпен жазылуын жатқызуға болады. Бұның себебі не? VIII ғасырдан бастап түркі және қазақ қоғамында қолданылған араб жазуының қадим, жадид түрлерінде ерін үндестігі жүйелі түрде таңбаланып отырды: *бұрұн, түтүн, үшүн, көзү* т.б. Тіпті бірінші буында немесе бірінші, екінші буында езулік дауысты тұрса да, қалған буындарды еріндікпен таңбалау дәстүрі А. Байтұрсынұлы өзгерткен емлеге дейін сақталды: *қалұб, айтұр, жасұрұб, баратұзұн, келетұн* т.б. Бұлайша жазылудың басты себебі – жазуда фонетикалық принциптің (айтылуы бойынша жазу) сақталуы. Сондықтан тек Ильминский мен Будагов қана емес, А. Алекторовтың 1907 жылы шыққан «Қырғыз хрестоматиясында», В. Радловтың 1911 жылы шыққан «Опыт словаря тюркских наречий» деген сөздігінде, тіпті Ы. Алтынсариннің 1879 жылы шыққан «Қырғыз хрестоматиясында» байырғы қазақ сөздері еріндікпен таңбаланған. Мысалы, Ы. Алтынсаринде *құмұрсқа, ұшұп, жүгүрүп, жұмұс, күнүнде, ұзұп, ұшұрды, үшүн, құрұп, құтұлды, бүгүлді, салатұзұн, күнүңде, жұмұртқа, жұлқұп, күндүз, тұрұп-тұрұп, жүрүп, сүйтұп, бүгүн* тәрізді еріндікпен таңбаланған сөздер қатары біршама. В. Радловта: *ойлұ (кең ойлұ кісі), оқу (намаз оқұдұ), отұр (отұрұңғұз, жоғары отұр, тауық жұмұртқада отұрады); көйлөк (өзүңнен бір көйлөк бұрұн тоздұрғаннан сұра); көгөршүн* т.б.

Ерін үндестігі қай уақыттан бастап таңбаланбайтын болды? XX ғасырдың басында қазақ зиялылары арасында бұл аса даулы мәселелердің қатарынан орын алды. 1924 жылы өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» Елдес Омарұлы: «Жүре келе қазақ тілі басқа түрік тілінен жігі ашылып, ұ дыбысы бар сөздердің көбі *ы*-мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінің өз еркімен болған өзгерісі. Қазақ тілінде ұ өзгеріп *ы* болып бара жатқандығы себебі, *ы* мен *ұ*-ның көмескі естілген жерінде *ұ*-ның орнына *ы* жазатын болсақ, жазуымыз тілдің өзгерісінің жөніне дәл келеді» – десе, Халел Досмұхаммедұлы: «Біздің қазақ тілінде ұ өзгеріп *ы*-ға айналып барады. Қырғыз тілінде ұ сақталған. Біздің *үшін*-ді қырғыздар *үчүн* дейді, *оқы*-ны *оқұ* дейді, дұрысы қырғызша болуға тиіс» – деп қарсы пікір білдірген болатын. Бұл дау 1929 жылы Қызылордада өткен конференцияда да жалғасты. Т. Шонанұлы: «Мұнан 50-60 жыл бұрын академик Радлов тілімізде ерін үндестігі өте күшті екенін байқап, қазақ сөздерін былай жазған: *өкшөсүнө сартылдап, ақ төбөнүң басында...* Біздің тұсымызда ерін үндестігі бірте-бірте құрып бара жатқанын байқаймыз. Біз енді Радловша жаз деп ешкімді зорлай алмаймыз. Сондықтан

емлемізде ерін үндестігі болмасқа керек» – деген. Ерін үндестігін таңбаламау ХХ ғасырдың басында бірте-бірте орнығып, жазба коммуникацияда қазақ тілінің өз еркімен болған өзгерісі ретінде қабылданды.

Енді Ильминский мен Будагов сөздіктерінде ерін үндестігімен таңбаланған байырғы сөздерге тоқталайық:

Өрүс – место за аулом, где пасутся лошади (Будагов, 1869: 128; Ильминский, 1861: 71);

Ұрұс – битва, бой, драка (Будагов, 1869: 128; Ильминский, 1861: 74);

Үрүм бұтақ – родство восходящее и нисходящее. *Үрүм бұтағымен өлді* – все померли (Будагов, 1 том, 128 б.; (Ильминский, 1861: 79);

Үзүк – кошма (Будагов, 1869: 134);

Үскү – род большого шила (Будагов, 1869: 134);

Орұн – место. *Ұлу орұн* – начальственное место, лицо, уважаемый бій (Ильминский, 1861: 67);

Отұр – сидеть, сесть (Ильминский, 1861: 67);

Орұс – русский, не мусульманин (Ильминский, 1861: 67);

Ойұн – игра; шутка, слова сказанные не серьезно (противоп. *шын*). *Ойұн түбі шын болұр, осұрұқ түбі боқ болұр* – шутка иногда оканчивается серьезной неприятностью (Ильминский, 1861: 68);

Оңдұ – порядочный (Ильминский, 1861: 70);

Өмүлдүрүк – подргрудник (у лошади) (Ильминский, 1861: 70);

Өтүрүк – ложь (Ильминский, 1861: 70);

Өзүм – я сам. *Өзүм өзү болгалы* – с тех пор как я стал человеком (Ильминский, 1861: 70);

Өсүм – рость, проценты (Ильминский, 1861: 71);

Өгүз – бык (Ильминский, 1861: 72);

Уұқ – палки в кибитке, составляющие род стропил (по-казачьи – уины) (Ильминский, 1861: 73);

Ұмұт – забывать (Ильминский, 1861: 73);

Ұзұн – длинный (Ильминский, 1861: 73);

Ұрлұқ – воровство; краденый (Ильминский, 1861: 75);

Бұжұр – рябина от оспы (Ильминский, 1861: 93);

Бұрұш – угол (Ильминский, 1861: 93);

Бұрұн – (Ильминский, 1861: 93).

Ұрұн – тайный, тайна, скрытно, тихонько. *Ұрұн келді* – тайно приходит (жениху дозволяется посещать свою невесту до совершения брака, только ночью, если уже калым заплачен) (Будагов, 1869: 129); *ұрұн келеді* – тайно приходит (после того как калым отдан за невесту, но пока еще не было свадьбы, жених имеет право посещать свою невесту; он приезжает с подарками к тестю и останавливается вдали от аула в шатре. Днем он не может приходиться в аул невесты, а ходить к ней ночью – *ұрұн*) (Ильминский, 1861: 75).

Еріндікпен таңбаланған барлық сөздерді бір мақала көлеміне сыйдыру мүмкін емес. Байырғы сөздер құрамына жататын лексемаларды ғана беріп отырмыз. Ильминский мен Будагов сөздіктерінде ерін үндестігі неге сақталған? Біздің ойымызша:

- ол кезеңде қазақ жазуы әлі нормаланбады;

- кез келген жазба коммуникация фонетикалық принципті басшылыққа алды;

- ХІХ ғасырдағы түркітану ғылымында түркі тілдері толық үндестікке бағынады деген көзқарас басым болды.

Жоғарыдағы *ұрын келу* тіркесіне қатысты түсіндірмелерден Ильминскийдің анықтамасы қазақ әдет-ғұрпын барынша суреттеуге бағытталғанын аңғарамыз. Будагов «күқықтық рұқсат, некеге дейінгі заңды рұқсат етілген қатынас формасы» ретінде қысқа анықтама берсе, Ильминский «күйеу жігіттің сыйлықпен келуі, ауылдан тыс шатыр тігуі, күндіз келе алмауы» тәрізді т.б. этнографиялық детальдарды да барынша қамтыған. Бұл Будаговтың сөз мағынасын ықшам беретін лексикограф болғандығын, сондықтан нормативті мазмұнға мән бергенін, ал Ильминскийдің миссионер лингвист ретінде халықтың тұрмыс-салтына назар аударғанын

айғақтайды. Бұл салыстырудан «ұрын келу» отбасы құндылықтары негізінде қалыптасқан институт болғандығын, ол бейберекет емес, өзіндік жүйесімен орындалатынын, қоғамдық бақылауға алынатынын (күндіз келмеу) және күйеу жігіттің мәртебесі қалың мал төлегеннен кейін өзгеретінін білдіреді.

Ильминский реестрге алынған кейбір лексикалардың анықтамасын халықтың өмір сүру салтымен, дәстүрімен байланысты тереңірек түсіндіруге тырысқан. Мысалы, *үй* деген сөздің мағынасын былай ашады: *Үй* – кибитка (киіз үй), дом (ағаш үй, тас). *Үлкен үй* – старшая жена, *кіші үй* – младшая жена. *Алты қанат үй* – кибитка в шесть полотень или звеньев. *Үй тігу* – поставить кибитку. *Үй жығу* – снять кибитку. *Үй көтеру* – перенести кибитку с одного места на другое не разбирая а целиком. *Үй басу* – прикрепить кибитку веревками во время ветра, чтобы не снесло. *Үйдүң тұрманы* – устройство, части дома. *Кереге* – решетка составляющая основание или лучше стены, она состоит из полотен. Сонымен қатар *үй* реестрінде *кереге басы*, *кереге аяғы*, *сағанақ*, *көз*, *уық*, *уық бау*, *шаңырақ*, *күлдіреуіш*, *таяныш*, *маңдайша*, *ит кірмес*, *сықырлауық*, *туырлық*, *үзік*, *түңдік*, *есік*, *басқұр*, *жапсар*, *төр*, *босаға*, *бақан*, *ши* сөздерінің түсіндірмелерін берген (Ильминский, 1861:7-78). Осылайша, Ильминский қазақ халқының үй құрылымы мен тұрмыс-салт ерекшеліктерін жан-жақты, толық сипаттап берген. Ол тек үйдің физикалық бөліктерін ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік рөлі мен тұрмыстық функциясын да көрсеткен.

Ильминский *ұран* сөзінің де қазақ халқы үшін қандай ұғымды білдіретінін тереңінен талдап береді: *ұран* – военный крик. Общий киргизскому народу *ұран* – алаш, его произносят в схватке с людьми другой наций, например с туркменцами. Каждый род имеет свой *ұран*, который произносят в ссоре с киргизами же другого рода. Вот некоторые *ұраны* Малой Орды: табынский – тостаған, таминский – кара бура, кердеринский – Қожа Ахмет, алачинский – байбарақ, байбактинский – дауғара, маскарский – қаратай, танинский – тана, серкешский – шағырай, тазовский – бақай, есентемировский – алдунғар, адаевский – бекет, также адай, исыковский – бәйтерек. Отделения и подотделения кричат названия отдельный, или ими своего батыра. *Ұран шақыру* – кричат *ұран* (Ильминский, 1861: 74).

Ильминскийдің «*ұран*» туралы келтірген бұл анықтамасы қазақ халқының әскери-рухани мәдениетінің сол кезеңдегі нақты көрінісін бейнелеп тұр. Анықтамадан *ұран* тек әскери айғай емес, қазақ халқының рухын көтеретін құралы, этникалық бірегейлігінің белгісі, әлеуметтік жіктелуінің көрінісі екенін көреміз.

Ильминский қазақ халқының жалпыұлттық *ұраны* «алаш» деп көрсетеді. *Алаш* үш жүздің бірлігін білдіретін ұғым және ұлттық тұтастықтың символы ретіндегі байырғы қазақ сөзі. Жауға қарсы ұрыста «алаш» деп *ұрандату* – жүз бен руға бөлінуден жоғары тұратын ұлттық тұтастықты білдіреді. Демек, *алаш* сөзі барша қауымды ортақ іске, қауіпке қарсы жұмылдыратын идеологиялық формула. Ильминскийдің дерегіне сүйене отырып мынадай тұжырым жасауға болады:

- 1) *ұран* – қазақ қоғамындағы бірегейліктің белгісі;
- 2) жалпыұлттық деңгейде *алаш* сөзі қолданылады;
- 3) рулық деңгейде жеке *ұран* қолданылады;
- 4) әр *ұран* белгілі бір мәнді білдіреді (әулие, батыр, тотем т.б.).

Ал Будагов сөздігінде *ұран* сөзі шағатай тілінің лексикасы ретінде реестрге алынып, мынадай анықтама берілген: «*Ұран* – кличъ, переключка заблудившихся ночью, со своими товарищами; во время войны, например, для отличия одного рода или отряда от другого, каждый из них присвоив себе наименование своего начальника или условно принятый термин, пароль, определяющий как бы знамя их или герб этим словом сзывает свой род или партию. По словам Бабура *ұран* в военное время состоит из двух паролей, терминов клички, один для рода, партий, а другой для всего войска» (Будагов, 1869: 121). Ал қазақ тіліне қатысты: «*Ұран шақыру* – кричат *ұран*, употреблялось в смысле клич, кричатъ, дать пароль, сзывать свою партию» (Будагов, 1869: 121), – деген анықтама береді. Будагов *ұран* сөзін әскери жағдайда руды немесе отрядты ажырату үшін қолданылатын белгі ретінде түсіндірген. Демек, Ильминский бұл сөздің этномәдени және тілдік ерекшелігін тікелей қазақ халқына қатысты талдап көрсетсе, Будагов

түркі тілдері аясындағы жалпы қолданысына назар аударған.

Байырғы сөздердің ішінде *бәйге* лексикасына Ильминский мынадай анықтама берген:

Бәйге – приз, преимущественно на скачке; скачка. Киргизы охотники до скачек, особенно свадьба и поминки никогда не обходятся без скачки. Лошадей пускают по прямому направлению верст за 40 и более. На место, откуда лошади должны скакать, едут легкой рысью с зари дня скачки, оттуда пускают всех лошадей враз – *ат жібереді*. На лошадей сажают для легкости мальчишек, но и тех за несколько верст до цели (қарақшы) снимают с лошадей. У киргизов есть обычай подмогать лошадям, кроме того что кричать и гикают по лошади несколько всадников принимающих к сердцу успех лошади, ее тащат веревками, за стремяна, это называется *көтерме*. *Әуелі келді* – первая прибежавшая лошадь. Первый приз *бәйге басы* бывает значительный. *Бәйге алды* – получил приз. Кроме того, призы дают борцам, искусным в стрельбе, кто собьет *алтын қабақ* (Ильминский, 1861: 82).

Будагов сөздігінде *бәйге* қазақ тіліне тән лексика ретінде реестрге алынып негізінен бәйге жарысына қатысты ғана анықтамасы көрсетіледі: *бәйге* – приз, преимущественно на скачке; скачка (на скачке лошадей пускают верст за 40, сначала рысцою, а на возвратном пути всех разом – *ат жібереді*. На лошадей сажают для легкости мальчишек, но их снимают за несколько верст до цели – *қарақшы*, помогают, гаркают, а иногда тащат лошадей веревками за стремяна и это называется – *көтерме*. *Әуелі келді* – первая прибежавшая лошадь. *Бәйге басы* – первый приз. *Бәйге алды* – получил приз (Будагов, 1869: 241).

Авторлардың түсіндірмесінде бұл сөздің екі мағынасы көрсетілген: жүлде (приз) және ат жарыс (скачка). Ильминский *бәйге* сөзіне тілдік әрі этнографиялық тұрғыдан кеңінен анықтама берген. Автор *бәйге* деген жарыстың өзі және жарыста берілетін жүлде екенін дәл анықтап, оның тек спорттық қана емес, әлеуметтік-ритуалдық мазмұнды да білдіретінін жақсы талдаған. Біздің тұжырымымызша, Ильминский анықтамасындағы *бәйге*:

- әлеуметтік жиындардың (той, ас, жарыс) құрамдас бөлігі;
- әлеуметтік бірлікті нығайтатын дәстүр;
- мықтыны анықтаудың жолы.

Анықтамада бәйгеге қатысты екі авторда да бірқатар атаулар көрсетілген: *ат жібереді* (жарыстың басалуы), *қарақшы* (меже), *көтерме* (жанкүйерлердің қолдауы), *әуелі келді* (бірінші келген ат), *бәйге басы* (бас жүлде), *алтын қабақ* (көздейтін нысана). Бұдан бөлек Ильминский «свадьба и поминки никогда не обходятся без скачки» деген анықтамасы арқылы «бәйге» ұғымының тек спорттық емес, әлеуметтік-мәдени феномен екенін дәлелдеуге тырысқан.

Байырғы қазақ сөздері қатарына жататын *ру*, *ұрпақ* лексемалары Ильминский сөздігінде көрсетілмеген, ал Будагов сөздігінде қазақ лексикасы ретінде реестрге алынып, мынадай түсіндірме берілген: *ұру* – род, родство, клан, поколение, фамилия, порода, семья. *Ұруұннан* – из рода (такого-то) (Будагов, 1869: 128). *Ұрпақ* – происхождение, род (Будагов, 1869: 121).

Сондай-ақ байырғы қазақ сөздері қатарындағы *ожау* сөзі Будаговта: «*Ожау* – ковшик деревянный (которым переливают кумыс в большой суповой чашке; если он большого размера то называется – *шөміш*) (Будагов, 1869: 115) – деп түсіндірілсе, Ильминскийде: «*Ожау* – с корот. ручкой (для кумыса)» (Ильминский, 1861: 67) – деп берілген.

Будагов *ожау* сөзін кеңірек сипаттап, оны қымыз құюға арналған ағаш құрал ретінде түсіндіреді және көлеміне қарай «шөміш» деген түрінен ажыратылатынын айта отырып, ожаудың материалына, қызметіне және көлемдік ерекшелігіне мән берген. Ал Ильминский оны қысқа сабы бар, қымызға арналған ыдыс ретінде ықшам түрде анықтаған.

Будагов сөздігінің Ильминский сөздігінен басты ерекшелігінің бірі:

1. Реестрге алынған сөздердің барлығы араб жазуымен берілген де, түсіндірмелері кирил эрпімен орысша жазылған. Яғни Будагов екі графикалық жүйені қатар қолданып, түркі сөздерін беруде олардың дәстүрлі жазу үлгісін сақтаса, ғылыми түсіндірмені орыс оқырманына ыңғайлы графикада ұсынған;

2. Араб және парсы тілдерінен енген кірме лексикалардың қазақ тіліндегі дыбысталымы реестрге енгізіліп, олардың шығу тілі жақша ішінде көрсетіліп, түпнұсқа жазылымы қоса берілген. Мысалы: *апта* (п. هفته) неделя (Будагов, 1869: 6); *арам* (حرام) (Будагов, 1869: 23),

орамал (п. رومال) т.б.

Яғни Будагов графикалық жүйе тұрғысынан түркі халқына да, орыс оқырманына да түсінікті ғылыми аппарат қалыптастырды және екі графикалық жүйені қатар қолдану арқылы еңбектің академиялық әрі практикалық құндылығын арттырды. Кірме лексиканы беру тәсілі тұрғысынан сөздің этимологиясын, фонетикалық бейімделуін және тарихи қабатын бір мезгілде көруге мүмкіндік берді. Яғни Будагов сөздігі графика, этимология және тарихи фонетика мәселелерін кешенді түрде ұсынуымен ерекшеленеді. Татар ғалымдары Будагов сөздігінің артықшылығын былай сипаттайды: «Материал в словаре построен в алфавитном порядке арабского языка, и слова представлены в арабской графике. В первом томе слова даны только в арабской графике, без транслитерации русскими буквами, во втором томе русскими буквами указана транскрипция каждой лексической единицы. Естественно, это намного облегчало задачу тем, кто обучался татарскому языку. Л.З. Будагов стремился также указывать происхождение слов, для чего использовал сокращения: а. = арабское, алт. = алтайское, баш. = башкирское, бух. = бухарское, к. = казанское, кир. = киргизское, п. = персидское, тур. = турецкое» (Юсупова, 2012: 224).

Жоғарыдағы барлық талдаулардан түйетініміз, «адамдар бір-бірінен тек визуалды-антропологиялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ ойлау қабілеті субъектілері ретінде де ерекшеленеді: әрбіреудің өз ішкі дүниесі, өз когнитивтік базасы, өз тезаурусы бар» (Халиков, 2025: 133). Яғни қазақ деген ұлттың өзіне тән менталитетін тілдік деректер арқылы ашып беруде екі автор да көп еңбектенген. Ильминский байырғы сөздердің қолданыстық және мағыналық қырларын жүйелі түрде көрсеткен. Сондықтан оның «лингвоелтанымдық, лингвомәдениеттанымдық құндылығы жоғары еңбек болып саналатыны анық» (Малбақов, 2025: 117). Ал Будагов байырғы қазақ сөздерін жалпы түркі тілдері аясында салыстыра қарастырып, олардың ортақ семантикалық негізін айқындаған. Сондықтан олардың «түркі тілдеріндегі ортақ бір түбірден өрбіген туынды сөздердің семантикасын ашуда, жеке сөздің сөз тудыру қабілетін айқындауда, кейбір бірліктердің этимологиясын беруде жетістіктері болды» (Малбақов, 2025: 118). Екі еңбек те қазақ тілінің сол кезеңдегі жай-күйін сипаттайтын құнды практикалық материалдармен ерекшеленеді.

Қорытынды

Н.И. Ильминский мен Л.З. Будагов еңбектерінде жинақталған тілдік деректер мен жасалған тұжырымдар кейінгі қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына берік ғылыми негіз болды. Бұл зерттеулердің тарихи-танымдық құндылығы мен деректік нақтылығы жоғары және кейінгі ғалымдар үшін салыстырмалы-типологиялық талдауларға жол ашып берді. Сондықтан қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйесін кешенді түрде танып-білуге мүмкіндік берген алғашқы ғылыми зерттеулер деп айта аламыз.

Мәселен, Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты зерттеуі қазақ тілінің лексикалық жүйесін сипаттауда маңызды орын алады. Зерттеуде қазақ тілінің сөздік қоры нақты тілдік деректер негізінде талданып, сөздердің мағыналық реңктері мен қолданыс ерекшеліктері көрсетілген.

Ал Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты еңбегі – түркі тілдерінің лексикалық қорын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан жүйелеген алғашқы көлемді сөздіктердің бірі. Аталған сөздікте қазақ тіліне тән байырғы сөздер өзге түркі тілдерінің материалдарымен қатар беріліп, олардың фонетикалық және семантикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген. Бұл еңбек қазақ тіліндегі байырғы лексемалардың түпкі мағынасын, тарихи семантикалық дамуын және түркілік ортақ негізін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Н.И. Ильминский мен Л.З. Будагов еңбектері қазақ тіліндегі байырғы сөздерді зерттеудің бастапқы деректік негізін құрап, кейінгі ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар берді және қазақ тілінің лексикалық құрамын, соның ішінде байырғы сөздердің семантикалық, этимологиялық ерекшеліктерін айқындауда маңызды дереккөз қызметін атқарады. Сонымен бірге бұл еңбектер XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тілінің жай-күйін, сөз мағыналарының сол кезеңдегі қолданыстық аясын, тарихи-әлеуметтік мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

Аталған сөздіктердегі материалдар тарихи лексикология, тарихи семасиология және салыстырмалы түркітану бағытындағы зерттеулер үшін құнды тілдік дерек болып табылады әрі қазақ тілінің даму эволюциясын анықтауға көмектеседі.

Әдебиеттер

- Бартольд В.В. К вопросу об изучении местных языков // Туркестанские ведомости. – 1906. – №63
 Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. – Санкт-Петербург, 1869. – 815 с.
 Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань: Университетская типография, 1861. – 199 с.
 Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология, синтаксис. – Оренбург, 1897. – 196 с.
 Катаринский В.В. Материалы по этнографии киргиз. – Оренбург, 1899. – 153 с.
 Малбақов М. Қазақ лексикографиясының тарихы: XVIII-XX ғғ. аралығындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (тарихи лексикографиялық, лексика-семантикалық аспект). – Алматы: Асыл, 2025. – 320 б.
 Малбақов М., Қайрат А. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ сөздіктеріне енген лексикадағы тарихи сөздік қор құрамы // Тілтаным, 2025. №4 (100). – 12-21-бб.
 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Ч. 1. – Фонетика и этимология. – СПб., 1894. – 72 с.; – Ч.2. Синтаксис. – СПб., 1897. – 92 с.
 Радлов В.В. Средняя Зеравшанская долина // Записки РГО, 1880. – Т. 6. – 70 с.
 Терентьев М.А. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. – СПб., 1875. – Кн. I. – 194 с.
 Туякбаев О.О., Дюсенов Б.Д. Араб және түркі тілдерінің тарихи лексикографиясы: сөздік түзу тәсілдері // «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. – 2025. – №3. – 249-261-бб.
 Халиков М.М. Фактор диахронии в лексикографии: ретроспективный контент-анализ русско-немецкой части словаря Н. Ленстрема (1890 г.). Вестник Самарского университета. История, педагогика, филология. – 2025. – №3. – С. 132-140.
 Шелестюк Е.В., Суюнбаева А.Ж. Проблемы терминоведения и профессиональной коммуникации на постсоветском пространстве (на примере Республики Казахстан) // Вестник Челябинского государственного университета. – 2024. – №3 (485). – С. 102-117.
 Юсупова А.Ш. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий Л.Будагова // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2012. – №5 (16). – С. 223-226.

References

- Bartold, V.V. (1906) K voprosu ob izuchenii mestnyh jazykov. Turkestanskije vedomosti. No. 63. [Bartold, V.V. (1906) On the Question of the Study of Local Languages. Turkestan News. No. 63.] (in Russian)
 Budagov, L.Z. (1869) Sravnitel'nyj slovar` turecko-tatarskih narechij. Tom I. Sankt-Peterburg. 815 s. [Budagov, L.Z. (1869) Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects. Vol. I. Saint Petersburg. 815 p.] (in Russian)
 Halikov, M.M. (2025) Faktor diahronii v leksikografii: retrospektivnyj kontent-analiz Russko-nemeckoj chasti slovarja N. Lenstroma (1890 g.). Vestnik Samarskogo universiteta. Istorija, pedagogika, filologija. No. 3. S. 132-140. [Khalikov, M.M. (2025) The Factor of Diachrony in Lexicography: A Retrospective Content Analysis of the Russian-German Section of N. Lenström's Dictionary (1890). Bulletin of Samara University. History, Pedagogy, Philology. No. 3. Pp. 132-140.] (in Russian)
 Il'minskij, N.I. (1861) Materialy k izucheniju kirgizskogo narechija. Kazan`: Universitetskaja tipografija. 199 s. [Il'minskij, N.I. (1861) Materials for the Study of the Kirghiz Dialect. Kazan: University Printing House. 199 p.] (in Russian)
 Jusupova, A.Sh. (2012) Sravnitel'nyj slovar` turecko-tatarskih narechij L. Budagova. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. No. 5 (16). S. 223-226. [Yussupova, A.Sh. Comparative Dictionary of Turkic-Tatar Dialects by L. Budagov. Philological Sciences. Questions of Theory and Practice. No. 5 (16). Pp. 223-226.] (in Russian)
 Katarinskij, V.V. (1897) Grammatika kirgizskogo jazyka. Fonetika, jetimologija, sintaksis. Orenburg. 196 s. [Katarinskij, V.V. (1897) Grammar of the Kirghiz Language. Phonetics, Etymology, Syntax. Orenburg. 196 p.] (in Russian)
 Katarinskij, V.V. (1899) Materialy po jetnografii kirgiz. Orenburg. 153 s. [Katarinskij, V.V. (1899) Materials on Kirghiz Ethnography. Orenburg. 153 p.] (in Russian)
 Malbaqov, M. (2025) Qazaq leksikografijasynyng tarihy: XVIII-XX gg. aralygyndagy qazaq sozderining leksikografijalanuy men qalyptanuy (tarihi leksikografijalyq, leksika-semantikalyq aspekt). Almaty: Asyl. 320 b. [Malbakov, M. (2025) History of Kazakh Lexicography: Lexicographization and Formation of Kazakh Words in the 18th–20th Centuries (Historical-Lexicographical, Lexical-Semantic Aspect). Almaty: Asyl. 320 p.] (in Kazakh)
 Malbaqov, M., Qajrat, A. (2025) XVIII-XX gasyrlardahy qazaq sozdikterine engen leksikadahy tarihi sozdik qor quramy. Tiltanym, №4 (100). 12-21-bb. [Malbakov, M., Kairat, A. (2025) The Composition of the Historical Lexical Fund Included in 18th–20th Century Kazakh Dictionaries. Tiltanym, No. 4 (100). Pp. 12-21.] (in Kazakh)
 Melioranskij, P.M. (1894, 1897) Kratkaja grammatika kazak-kirgizskogo jazyka. Ch.1. Fonetika i jetimologija. SPb. 72 s.; Ch.2. Sintaksis. SPb. 92 s. [Melioranskij, P.M. (1894, 1897) A Short Grammar of the Kazakh-Kirghiz Language. Part

1. Phonetics and Etymology. Saint Petersburg, 1894. 2 p.; Part 2. Syntax. Saint Petersburg. 92 p.] (in Russian)
 Radlov, V.V. (1880) Srednjaja Zeravshanskaja dolina. Zapiski RGO. T. 6. 70 s. [Radlov, V.V. (1880) The Middle Zeravshan Valley. Notes of the Russian Geographical Society. Vol. 6. 70 p.] (in Russian)
 Shelestjuk, E.V., Sujunbaeva, A.Zh. (2024) Problemy terminovedeniya i professional'noj kommunikacii na postsovetском prostranstve (na primere respubliki Kazahstan). Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. No.3(485). S. 102-117. [Shelestyuk, E.V., Suyunbayeva, A.Zh. (2024) Problems of Terminology and Professional Communication in the Post-Soviet Space (on the Example of the Republic of Kazakhstan). Bulletin of Chelyabinsk State University. No.3(485). Pp. 102-117.] (in Russian)
 Terent'ev, M.A. (1875) Grammatika tureckaja, persidskaja, kirgizskaja i uzbekskaja. SPb. Kn. I. 194 s. [Terentyev, M.A. (1875) Turkish, Persian, Kirghiz and Uzbek Grammar. Saint Petersburg. Book I. 194 p.] (in Russian)
 Tujaqbaev, O.O., Djusenov, B.D. (2025) Arab zhane turki tilderining tarihi leksikografijasy: sozdik tuzu tasilderi. «Qazaqstan shyghystanuy» ghymyli zhurnaly. No. 3. 249-261-bb. [Tuyakbayev, O.O., Dyussenov, B.D. (2025) Historical Lexicography of Arabic and Turkic Languages: Methods of Dictionary Compilation. "Qazaqstan Shyghystanuy" Scientific Journal. No. 3. Pp. 249-261.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 17.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2026.

© Мамырбек Г., Сейітбекова А., Жумаханова Н., 2026

